МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫ
АҚШҰҚЫР АУЫЛЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛА АКШУКУР
ТУПКАРАГАНСКИЙ РАЙОН
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы,
130501 Ғ.Айдаров көшесі, 3/6 үй,
тел/факс: 8(72938)50058,
a.smaiilova@mangystau.gov.kz

Республика Казахстан, Мангистауская область,
Тупкараганский район, село Акшукур,
130501 улица Г.Айдарова, 3/6 дом
тел/факс: 8(72938)50058
a.smaiilova@mangystau.gov.kz

№ 01-25/382
«04» 05 2026 жыл

«Қолдау» Маңғыстау облыстық мүгедектер бірлестігі» қоғамдық бірлестігі

«Ақшұқыр ауылы әкімнің аппараты» мемлекеттік мекемесі, тарапынан ашық конкурс тәсілімен өткізілген №16788626-1 «Ақшұқыр ауылындағы жолдарды күтіп ұстау» мемлекеттік сатып алу бойынша 30.04.2026 жылғы №289505 шағымыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» (бұдан әрі - Заң) 2024 жылдың 1 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының Заңының 25 бабының 1 тармағына сәйкес, Егер тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы.

Заңның 11 бабының 4 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсыну арқылы не Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Заңның 25-бабына және Ереженің 19-тармағына сәйкес Сіздің шағымыңыз қаралды, шағымдағы мән-жайлар өз растауын тапты.

Сонымен қатар, Заңның 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін екенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 100-бабының 6-тармағына сәйкес, шағымды қарайтын

органның шешімімен келіспеген жағдайда, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 6-тармағына сәйкес осы бапта көзделген дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Ауыл әкімі **А.Шайхиев**